

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 маусымдағы № 323 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 шілдеде № 3304 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы № 7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 14.01.2014 № 7 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес, Зеленов ауданында 2013 жылғы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін.

2. "Зеленов ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Т. Амангалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *М. Унгарбеков*
Зеленов ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 7 маусымдағы
№ 323 қаулысына
қосымша

Зеленов ауданында 2013 жылғы өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік

**шаруашылығы өнімінің түрлері
бойынша егіс жұмыстарының
басталуы мен аяқталуының
оңтайлы мерзімдері**

№	Өсімдік шаруашылығының өнімдерінің түрлері	Табиғи-климаттық аймақта (қуаң дала) егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері	
		басталуы	аяқталуы
1	Күздік бидай	2013 жылғы 15 тамыз	2013 жылғы 10 қыркүйек

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК